

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ БІРІНШІЛІК МҮГЕДЕКТІЛІККЕ ШЫҒУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Мақалада Ақтөбе қаласының ересек тұрғындарының біріншілік мүгедектілік көрсеткіштері берілген. Мүгедектілік топтарына қарай біріншілік мүгедектілікке шығу көрсеткіштерінің динамикасына сараптама жасалды. Ересек тұрғындар арасындағы біріншілік мүгедектілік құрылымы сарапталды. Зерттеуге алынған мәліметтер 2009-2013 жылдар аралығын қамтиды. Ақтөбе қаласының ересек тұрғындарының біріншілік мүгедектілікке шығу сараптамасының нәтижесінде соңғы бес жылдықта ересек тұрғындар арасында мүгедектердің жалпы санының төмендегені анықталды. Мүгедектілік құрылымында 2-ші мүгедектілік тобы басым болды.

Түйінді сөздер: біріншілік мүгедектілік, ересек тұрғындар, мүгедектілік топтары.

Кіріспе. Проблеманың өзектілігі қоғамның әлеуметтік құрылымында мүгедектілік белгілері бар тұрғындар санының едәуір дәрежеде болуымен анықталады, оған ресми статистикалық мәліметтер куә. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне сәйкес әлемде 750 миллионға жуық мүгедектер тіркелген. Мүгедектердің 80%-ы дамыған елдерде тұрса, жұтан елдерде тұрғындарының 10%-ын мүгедектер құрайды. Жер бетінде дүниеге келетін әрбір оныншы бала мүгедектікпен өмір сүреді [1].

Біріншілік мүгедектілік денсаулықтың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Тұрғындар арасындағы біріншілік мүгедектіліктің таралуы қоғамның әлеуметтік- экономикалық дамуы деңгейіне, түгел ел және жекеленген әрбір аймақтың экологиялық қауіпсіздігіне, сонымен қатар, медициналық көмектің, соның ішінде жоғары технологиялық көмектің сапасы мен қол жетімділігіне және профилактикалық шараларға тікелей байланысты [2-5].

Қазақстандағы еңбек етуге қабілетті тұрғындардың денсаулығын қорғау проблемасы басты медико- демографиялық

көрсеткіштердің нашарлауына байланысты қазіргі уақытта өзекті мәселеге айналып отыр. Соңғы жылдары елімізде денсаулық сақтау жүйесінің профилактикалық бағытының жеткіліксіздіне дәлел болатын біріншілік мүгедектілік деңгейінің теріс динамикасы қалыптасып отыр [6-8].

Зерттеу мақсаты: Ақтөбе қаласының ересек тұрғындарының 2009-2013 жылдар аралығында біріншілік мүгедектілікке шығу динамикасына ретроспективті сараптама жүргізу.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу нысаны ретінде Ақтөбе қаласының ересек тұрғындары алынып, аймақтағы тіркелген мүгедектілік жағдайы, мүгедектілікке әкелген аурудың клиникалық- нозологиялық формасы зерттеуге негіз болды. Мүгедектілік көрсеткіштерінің динамикасы 2009- 2013 жылда аралығын қамтиды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар.

Ақтөбе қаласының ересек тұрғындары арасындағы біріншілік мүгедектілік құрылымына зерттеу жүргізілді. Біріншілік мүгедектілікке шығу динамикасы бойынша нәтижелер 1 кестеде берілген.


Кесте 1 - Ақтөбе қаласының ересек тұрғындары арасындағы біріншілік мүгедектілік динамикасы.

жылдар	Ересек тұрғындар арасында тіркелген мүгедектер саны	Ересек тұрғындардың біріншілік мүгедектілік көрсеткіші (100 мың тұрғынға шаққанда)	Еңбек етуге қабілетті тұрғындар арасында тіркелген мүгедектер саны	Еңбек етуге қабілетті тұрғындардың біріншілік мүгедектілік көрсеткіші (100 мың тұрғынға шаққанда)
2009	986	401,4	913	371,7
2010	956	373,7	873	341,3
2011	904	361,3	845	337,7
2012	939	362,2	879	339,0
2013	945	360,2	881	335,8

Зерттеуге алынған жылдар бойына ересек тұрғындар арасындағы мүгедектердің, сондай-ақ еңбек етуге қабілетті мүгедектердің жалпы сандарының бірқалыпты төмендеуі байқалады. Мұндай тенденция басқа авторлардың жұмыстарында, оның үстіне жалғыз Қазақстан Республикасының территориясында ғана емес, сонымен қатар шет елдерде де анықталған; алайда мұндай өзгерістерді зерттеу

аймағының демографиялық көрсеткіштерімен, заңнамалық, нормативтік- құқықтық және әдістемелік шешімдермен байланыстыру қажет [9-10].

Мүгедектілік құрылымында мүгедектілік топтары бойынша, үлес салмағы 50%- құрайтын 2-ші топ басым болды (1 сурет). Одан кейінгі орынды 3-ші топ алса, мүгедектіліктің ең минималды көрсеткіштері 1-ші топта анықталды.



Сурет 1 - 2009-2013 жылдардағы Ақтөбе қаласының ересек тұрғындары арасындағы біріншілік мүгедектілік көрсеткіштерін топтар бойынша бөлу (% өлшемде).

Зерттеу кезеңінде динамикада барлық үш топта мүгедектілік көрсеткіштерінің төмендеу тенденциясы анықталды.

Зерттеу барысында мүгедектілік топтарын бекітуге негіз болған аурулардың нозологиялық құрылымдары сарапталды. 2 кестеде зерттеу кезеңі аралығындағы мәліметтер ұсынылған.

Кесте 1 - Аурулардың нозологиялық формалары бойынша ересек тұрғындардың біріншілік мүгедектілік көрсеткіштерінің динамикасы.

Ауру топтарының атауы	2009	2010	2011	2012	2013	орташа
Туберкулёз	47,6	51,2	41,6	53,2	43,8	47,5
Қатерлі жаңа түзілімдер	72,5	66,8	75,5	65,6	73,2	70,7
Эндокриндік аурулар	7,7	8,2	6,4	3,9	8,4	6,9
Психикалық бұзылыстар	26,9	30,9	28,4	25,8	30,9	28,6
Жүйке жүйесінің аурулары	14,7	16,4	14,8	11,2	14,1	14,2
Көз аурулары	30,9	31,7	23,6	19,3	22,5	25,6
Құлақ және емізік тәрізді өсіндінің аурулары	2	2	4	3,5	1,9	2,7
Қан айналым жүйесінің аурулары	101	71,5	75,9	76	76,6	80,2
Тыныс алу мүшелерінің аурулары	4,5	2,7	3,2	0,8	4,6	3,2
Асқорыту мүшелерінің аурулары	4,9	6,6	4,4	3,9	5,7	5,1
Сүйек- бұлшықет жүйесінің аурулары	20,8	21,9	22,4	27	22,9	23,0
Несеп-жыныс жүйесінің аурулары	7,3	6,6	7,2	10,4	11,8	8,7
Жарақаттар	45,2	47,7	41,2	46,7	34,7	43,1
Адамның иммундық тапшылық вирусымен шақырылған ауруы	0	0	0	0	0	0,0
Кәсіби аурулар	0	0	0	0,4	0,4	0,2
Иондалушы сәулеленудің әсерінің салдары	0	0,8	0	0	0,4	0,2
Басқа аурулар	15,5	8,6	12,8	14,7	8,4	12,0

Ақтөбе қаласының ересек тұрғындары арасындағы мүгедектілік құрылымының себептеріне сараптама жүргізу нәтижесінде бақылауға алынған барлық жылдарда бірінші орынды біріншілік мүгедектілік деңгейі орташа шамамен 100мың тұрғынға шаққанда 80,2-ні құрайтын қан айналым жүйесінің аурулары салдарынан болған мүгедектер алады. Екінші орында- қатерлі жаңа түзілімдер салдарынан болған мүгедектер (100 мың тұрғынға шаққанда 70,7). Үшінді орын біріншілік мүгедектілік көрсеткіштері 47,5- ке тең келетін туберкулездің салдарынан болған мүгедектер иелігінде.

Берілген мәліметтерге сәйкес, зерттеу кезеңі бойына келесі аурулар топтары бойынша мүгедектілік көрсеткіштерінің өсу

беталысы байқалады: несеп-жыныс жүйесінің аурулары (1,6 есе), сүйек- бұлшықет жүйесінің аурулары (1,1 есе) және психикалық бұзылыстар (1,1 есе). Қан айналым жүйесінің аурулары және жарақаттар салдарынан болған мүгедектілік көрсеткіштерінің төмендеуі анықталған (1,3 есе).

Қан айналым жүйесінің аурулары, қатерлі жаңа түзілімдер, туберкулез, жарақаттар және психикалық бұзылыстар- мүгедектілікке әкелетін бес аурулар тобы.

Ересек тұрғындар арасында мүгедектілік топтары бойынша біріншілік мүгедектіліктің себептерін анықтау үшін жүргізілген сараптама 1-ші топтағы мүгедектер арасында мүгедектіліктің себебі ретінде қан айналым жүйесінің және несеп-жыныс

жүйесінің аурулары, қатерлі жаңа түзілімдер анықталып отыр. 2-ші топ мүгедектері арасында мүгедектіліктің себептері ретінде жетекші орындарды қатерлі жаңа түзілімдер, қан айналым жүйесінің аурулары, туберкулез және психикалық бұзылыстар алады. 3-ші топтағы мүгедектер үшін мүгедектілік себептері ретінде қан айналым жүйесінің аурулары, жарақаттар, көз және оның қосалқыларының аурулары анықталды.

Қорытынды. Ақтөбе қаласының ересек тұрғындарының біріншілік мүгедектілігіне жүргізілген сараптамасы нәтижесінде

соңғы 5 жылда ересек тұрғындар арасындағы мүгедектердің, сондай-ақ еңбек етуге қабілетті мүгедектердің жалпы сандарының бірқалыпты төмендеуі анықталды. Мүгедектілік құрылымында (мүгедектілік топтары бойынша) үлес салмағы 50 %-ды құрайтын 2-ші топ басым болды. Ересек тұрғындар арасында біріншілік мүгедектілікке шығу себептері құрылымында бірінші орынды қан айналым жүйесінің аурулары алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Материалы Всемирного банка// www.un.org/ru/youthink/disabilities.shtml
2. Liu T, Zhang L, Pang L, т.б. Schizophrenia-related disability in China: prevalence, gender, and geographic location// Psychiatric services.- 2015.- №66(3).- С.249-257.
3. В. А. Братчикова, В. С. Лобанова, Л. Т. Полтарыхина, Я. В. Симчина, Е. А. Сасс. Анализ и тенденции первичной инвалидности в Кемеровской области вследствие болезней системы кровообращения за 5 лет (2006—2010) //Медико-социальная экспертиза и реабилитация.- 2012.- № 2.- С.24-26.
4. Бабушкин А.Э., Оренбуркина О.И., Матюхина Е.Н., Саяпов Н.Г., Имангулов Ф.З. Анализ распространенности, заболеваемости и инвалидности вследствие глаукомы в Республике Башкортостан// Вестник ОГУ.- 2011.- №14 (133).- С.45-48.
5. Geneva: World Health Organization; 2011// WHO Guidelines Approved by the Guidelines Review Committee.
6. Казизова Г.С. Проблемы и пути социальной реабилитации инвалидов в Республике Казахстан// Проблемы современной экономики.- 2010.- №2(1).- С.142-146.
7. Мамырбаев А.А., Карашова Г.И., Каримова И.Т., Сатыбалдиева У.А. Медико-социальные аспекты формирования здоровья населения урбанизированного города // Гигиена труда и медицинская экология.-2010.- № 2(27).- С.42-46.
8. Н.К. Дюсембаева, Б.М. Салимбаева, Д.Х. Рыбалкина, Г.М. Салтыкова. Оценка состояния первичной инвалидности взрослого населения Приаралья// Гигиена труда и медицинская экология.- 2015.- №2 (47).- С.32-39.
9. Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан "Саламатты Қазақстан" на 2011 - 2015 годы.
10. Tsai CP, Wang KC, Hwang CS. Incidence, prevalence, and medical expenditures of classical amyotrophic lateral sclerosis in Taiwan, 1999-2008// Journal of the Formosan Medical Association.- 2015.- №114 (7).- С.612-619.

З.А. ИМАНГАЗИНА, А.А. МАМЫРБАЕВ

ПРИЧИНЫ И СТРУКТУРА ПЕРВИЧНОГО ВЫХОДА НА ИНВАЛИДНОСТЬ НАСЕЛЕНИЯ ГОРОДА АКТӨБЕ

Резюме: В статье даны показатели первичной инвалидности взрослого населения, проживающего в г.Актөбе. Проведен анализ динамики показателей первичного выхода на инвалидность, в разрезе групп инвалидности. Проанализирована структура первичной инвалидности среди взрослого населения. Исследования проведены за период с 2009 по 2013 гг. Анализ первичной инвалидности взрослого населения г.Актөбе показал, что за последние 5 лет наблюдается снижение общего количества инвалидов среди взрослого населения. В структуре инвалидности преобладает 2 группа.

Ключевые слова: первичная инвалидность, взрослое население, группа инвалидности.

Z. IMANGAZINA, A.MAMYRBAYEV

REASONS AND STRUCTURE OF PRIMARY DISABILITY OF THE POPULATION OF AKTOBE CITY.

Resume: In article indicators of primary disability of the population living in Aktobe city are given. Analysis of primary exit indicators to disability, in section of disability group. The structure of primary disability among adult population is analysed researches are conducted from 2009 up to 2013 years. The analysis of primary disability of adult population of Aktobe city showed that decrease in total of disabled people among population is over the last 5 years observed. In structure of disability the second group prevails.

Key words: primary disability, adult population, group of disability